



МҰРДАЗ- ҚАЗАЛЫ

№6
(2385)
Сенбі
24 қаңтар
2026 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

БЕКАРЫСТАН БИ АУЛЫНДА ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ-САУЫҚТЫРУ КЕШЕНІ АШЫЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, облыс прокуроры Ризабек Ожаров, зиялы қауым өкілдері мен ардагерлер Бекарыстан би аулындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің ашылу рәсіміне қатысты.

Салтанатты жиында сөз сөйлеген аймақ басшысы спорт саласын өркендетуде, жұртшылықты салауатты өмір салтына ынталандыруда атқарылған жұмыстарға тоқталды.

- «Кеше ғана Сыр елінің бас шаһарында өткен Құрылтай отырысында ел тарихына алтын әріппен жазылатын, келешек ұрпақ айта жүретін маңызды шешімдер қабылданды. Бұл шешімдер еліміздің саяси, әлеуметтік және экономикалық дамуына серпін беріп, халқымыздың болашаққа деген сенімін арттырып, ұлт бірлігін нығайтуда маңызды қадам болатыны сөзсіз.

Мемлекет басшысының ерекше қолдауы баршамамызды жаңа жетістіктерге жетелейді, еселенген жауапкершілік жүктейді.

Президентіміздің ауылды дамыту, аймақтардың әлеуетін арттыру, тұрғындардың өмір сапасын жақсарту, оларды елдегі



саяси-экономикалық процестерге белсене қатыстыру жөніндегі бастамалары стратегиялық маңызға ие.

Аймағымызда тұрғындардың бұқаралық, кәсіби спортпен шұғылдануына барлық жағдай жасалуда.

2022 жылдан бері 24 спорт нысаны, атап айтқанда, Орталық стадион, Теннис, Инклюзивті спорт орталықтары, 21 спорт кешені салынды.

Биыл «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында елді мекендерде 4 спорт кешені

ашылады. Міне, бүгін 429 млн. теңгеге бой көтерген сол кешенің бірін Өздеріңізбен бірге ел игілігіне табыстаймыз.

Ауыл спортын одан әрі дамытуға бағытталған жаңа нысан баршаңызға құтты болғай!», - деді Н.Нәлібаев.

Рәсімде ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан аға буын мен сала қызметкерлері, ғимаратты сапалы етіп салған мердігер мекеме өкілдері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Еңбек ардагері Бо-

лат Сәдуаев бата берді.

Мемлекет басшысы аймақтарда спорт инфрақұрылымын дамытып, стадиондар мен спорт кешендерін салуды тапсырғаны белгілі.

Бүгінде облыс орталығындағы ірі жобалардың бірі - аумағы 25 мың шаршы метр болатын «Қызылорда -Арена» көпбейінді спорт кешенінің құрылысы. «Самұрық- Қазына Траст» қорымен бірлесіп «Теннис орталығы», 11 мың орындық жаңа стадион, балалар мен жасөспірімдерге арналған «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы, «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен Шиелі, Жалағаш аудандарында жаңа спорт кешендері, Инклюзивті спорт орталығы ел игілігіне табысталды. Қазақстан футбол федерациясының қолдауымен Қызылорда қаласындағы Ғ.Мұратбаев атындағы стадионның қосалқы алаңы мен Жалағаш ауданының орталық стадионы күрделі жөндеуден өтті. Жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен орнатылған 80 спорт-ойын алаңы ел игілігіне қызмет етуде.

ТЕМІРЖОЛ АРҚЫЛЫ ӨТЕТІН АСПАЛЫ КӨПІР ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов, облыс прокуроры Ризабек Ожаров, зиялы қауым өкілдері мен ардагерлер Әйтеке би кентіндегі теміржол арқылы өтетін аспалы көпірдің ашылу рәсіміне қатысты.

Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты құттықтап, жол инфрақұрылымын дамытудағы ауқымды жұмыстарды атап өтті.

- «Бурабайда өткен Ұлттық Құрылтайда Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Жер көлемі жөнінен әлемде тоғызыншы орын алатын еліміздің көлік-транзит саласында зор мүмкіндіктері бар. Бұл – айрықша назар аударуды талап ететін стратегиялық бағыт», - деген болатын.

Осы мақсатта өңірімізде белсенді жұмыстар атқарылуда. Мемлекет басшымыздың, Үкіметтің ерекше қолдауымен 2022-2025 жылдары 1 600 шақырым автомобиль жолдары мен



көшелерді, 30 көпір өткелін салуға, күрделі жөндеуге 150 млрд. теңгеге жуық қаржы бөлінді. Өткен жылдың өзінде жол инфрақұрылымын дамытуға бюджеттен 50 млрд. 605 млн. теңге қаралып, 329 шақырым автомобиль жолдары,

көшелер мен көпір өткелдері жөндеуден өтуде.

Қазалы вокзалы жанындағы 1,3 млрд. теңгеге салынған теміржол үстінен өтетін аспалы көпір – осындай байыпты бастамалардың жалғасы. Бүгін ел игілігіне табысталатын

жаяу жүргіншілерге арналған көпірді Әйтеке би кентінің арғы бетінде тұратын 13 мыңнан астам тұрғын қолданады. Бұл өткел арқылы 2 мыңнан астам адам күнделікті әрлі-берлі қатынайды. Сондықтан да жұртшылықтың теміржолдан қауіпсіз әрі тез өтуіне тигізер пайдасы ұшан-теңіз.

Көпірді сапалы етіп салып, мерзімінде аяқтаған мердігер «ҚазТеміржол Engineering» ЖШС-нің құрылысшыларына алғыс білдіреміз. Қуаныштарыңыз құтты болсын! Жаңа көпір жақсылықтың бастауы болғай!», - деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Рәсімде «Құрмет» орденінің иегері, Қазалы ауданының құрметті азаматы Оразғали Бекбанов бата берді.

Теміржол саласында еңбек ететін мамандар мен көпір құрылысын салған мердігер мекеме өкілдері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС – БАСТЫ НАЗАРДА

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы басты назар оның алдын алуға, мемлекет пен қоғам үшін сыбайлас жемқорлықты барынша азайту жолына ұштастыруға бағытталған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың маңызды бөлігі болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың маңызды бөлігі болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың маңызды бөлігі болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың маңызды бөлігі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, мемлекеттік

органдармен және азаматтық қоғаммен өзара тығыз жұмыс істеу парасаттылық, қоғамдық мүдделердің басымдығына бағытталған қазіргі заманғы мемлекеттік басқарудың барлық жүйесінің іргетасы болып табылады. Бұл ашықтық, адалдық, әдептілік, заңдылық, әділдік, рухани тұрақтылық сияқты құндылықтарды біріктіретін кешенді ұғым.

Қазіргі таңда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Агроөнеркәсіптік кешендегі Мемлекеттік инспекция комитетінің Қазалы аудандық аумақтық инспекциясында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» туралы Заңы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарында көрсетілген талаптарды қатаң сақтау қажеттілігі жөнінде тиісті іс-шаралар атқарылуда.

Инспекцияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті насихаттау, мемлекеттік қызметшілер тарапынан қоғамдық індеттің алдын алу

шаралары жүзеге асырылып келеді. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы әдептілік, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамасын сақтау, сыбайлас жемқорлық іс-қимылдардың зияндылығы, оны қабылдауға қарсы пікірлер қалыптастыру қажет. Ұжым бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы атқарылған іс-шараларды бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен насихаттау мақсатында медиа жоспар әзірленіп, аудандық басылымдарда мақалалар жарияланып тұрады. «Антикор» жобасы аясында инспекцияның атқарылған жұмыстары бойынша тікелей эфирлер өткізіліп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілген шаралар туралы нәтижесін әлеуметтік желілер «Фейсбук» арқылы жариялау қолға алынған.

Мекеме ғимаратында азаматтардың арыз-шағымдарын қабылдау жәшігі орналастырылған, арнайы 21-7-60 сенім телефоны жұмыс істейді. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі баршаға көрінетіндей жерге ілінген.

Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің облыстық, аудандық (қалалық) аумақтық инспекциялары бойынша Әдеп жөніндегі уәкілдің 2026 жылдың I-жарты жылдығына арналған қабылдау кестесі ілінген.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында 2026 жылға жасалған іс-шара жоспарына сәйкес жергілікті құқық қорғау органдары, «Аманат» партиясының аудандық филиалы, «Атамекен» кәсіпкерлік палатасы өкілдерін қатыстыра отырып сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғамдық қабылдау, семинар – кеңес, дөңгелек үстелдер өткізу жоспарлануда. Инспекцияда алдағы уақытта сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті насихаттау және оның алдын алу шаралары бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіле береді.

Болат ДОСТЫБАЙ,
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қазалы аудандық аумақтық инспекциясының басшысы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қазалы аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2026 жылы азаматтарды жеке қабылдау кестесі

Қабылдау жүргізетін басшының аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау күні	Қабылдау уақыты	Байланыс телефоны	Мекен-жайы
Достыбай Болат Қалиядинұлы	Инспекция басшысы	Әр аптаның сәрсенбі күні	сағат 15 ⁰⁰ -ден 18 ⁰⁰ -ге дейін	21-7-60	Әйтеке би кенті, Әйтеке би көшесі, №95 үй

ЖҮРГІЗІЛЕТІН МАУСЫМДЫҚ ӨҢДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНДІРМЕ

Қауын шыбыны – карантиндік зиянкес, бұл өзінің биологиялық ерекшелігіне байланысты өте қауіпті және жойылуы қиын зиянкестердің бірі болып табылады. Ол көбінесе қауын, қарбыз дақылдарын зақымдайды.

«РФДжБӨО» Қазалы аудандық филиалы 2025 жылы қауын шыбынына қарсы мониторинг жұмыстарын жүргізіп, 220 гектар жердің қауын шыбынымен залалданғаны анықталды. Республикалық бюджеттен бір рет химиялық өңдеу жұмыстары үшін «Тиаметрин» препараты бөлініп, 220 гектар жерге химиялық өңдеу жұмыстарын «Фитосанитария» РМК жүргізді.

Жеке және заңды тұлғалар өз қаражаты есебінен химиялық

өңдеу жұмыстарын жүргізу үшін Координат, Комбат, Корвет, Де-цис және басқада рұқсат етілген препараттармен маусым ішінде арасы 10-12 күннен 6-7 ретке дейін өңдеуге болады.

«РФДжБӨО» Қазалы аудандық филиалы мониторинг жұмыстарын жүргізу барысында 2026 жылы қауын шыбыны 220 гектар жерге таралады деп болжам жасады.

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы «Өсімдіктер карантині туралы» №344-1 Заңының 18 бабының 1 және 2 тармақтарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес: «Мемлекеттік қор жерлерінде орналасқан карантинді объектілердің таралу ошақтарын оқшаулау және

жою жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады, ал жеке және заңды тұлғалардың меншігіндегі немесе жер пайдалануындағы объектілер мен жер учаскелерінде карантиндік арамшөптердің таралу ошақтарын оқшаулау және жою жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру жеке және заңды тұлғалардың өз қаражаты есебінен жүргізіледі» -деп көрсетілген.

Қауын шыбынына қарсы тиімді күрес – бір ғана препарат шашу емес, агротехникалық, механикалық, биологиялық шаралар уақытында жүргізілгенде жоғары нәтиже береді.

Сұрақтарыңыз туындаған

жағдайда Қазалы аудандық аумақтық инспекциясына Әйтеке би кенті, Әйтеке би көшесі, № 95 мекен-жайына тікелей келіп немесе 21-7-60 телефоны мен karasai.m@minagri.gov.kz эл.поштасына хабарласуға болады.

М. ҚАРАСАЙ,
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қазалы аудандық аумақтық инспекциясының бас маман-өсімдіктерді қорғау және карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы

● Хабарландыру

ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңының 41-бабының 5-тармағына сәйкес барлық үкіметтік емес ұйымдар өз қызметі жөніндегі мәліметтерін жыл сайын ағымдағы жылдың 31 наурызына дейін электрондық

есептілік нысанын <https://esep.govtc.kz/> веб-порталына электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) пайдалана отырып уақытылы толтыру керектігін хабарлайды.

Мәліметтер Үкіметтік емес ұйымдармен өз қызметі жөніндегі

мәліметтерін ұсыну және олар туралы дерекқорды қалыптастыру қағидаларына сәйкес ұсынылады. Негіздемесі «Үкіметтік емес ұйымдармен өз қызметі жөніндегі мәліметтерін ұсыну және олар туралы дерекқорды қалыптастыру

қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 19 ақпандағы №51 бұйрығы.

«ҮЕҰ Дерекқорына» мәліметтерді ұсынбау, уақытылы ұсынбау және анық емес немесе көрінеу жалған

мәліметтерді ұсыну ҚР ӘҚБтК-нің 489-1-бабына сәйкес тиісті әкімшілік жауапкершілікке тарту көзделгендігін ескертеді.

«Қазалы ауданының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҚОРҒАЛУЫ БАСТЫ НАЗАРДА

Мемлекеттік қызмет – қоғам мен мемлекеттің мүддесіне қызмет ететін жауапты сала. Осы салада жұмыс істейтін мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын қорғау – тиімді, кәсіби және адал мемлекеттік аппарат қалыптастырудың негізгі шарттарының бірі.

Бұл ретте, азаматтармен бірге мемлекеттік қызметшілердің де құқықтарын қорғау, ал бұзылған жағдайда қалпына келтіру жұмыстары Департаментпен жүзеге асырылып келеді.

Әрине, кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыруда мемлекеттік қызметшілердің меритократия қағидаттары негізінде өз еңбегіне сай мансаптық өсу мүмкіндігімен қатар олардың моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қойылады.

Дегенмен, мемлекеттік қызметшілердің қызметі Әдеп кодексінде белгіленген талаптар аясында жүзеге асыру қажеттілігіне қарамастан, соңғы кезде мемлекеттік қызметшілер тарапынан әдеп нормаларын бұзу деректері әлі де орын алуда.

Мысалы, мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссияларының жұмысына жүргізілген талдау нәтижесімен 2025 жылдың 12 айында 631 мемлекеттік қызметшіге тәртіптік жаза қолданылған. Оның ішінде, жергілікті атқарушы органдарда 495, орталық органдардың аумақтық бөлімшелерінде 136 мемлекеттік қызметші тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

Тәртіптік жауапкершілікке тартылғандардың арасында қызметтік әдеп нормаларын бұзғаны үшін 9, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін 7 мемлекеттік қызметші бар.

Талдау нәтижесімен 19 мемлекеттік қызметшілерге қатысты заңсыз қабылданған тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрықтар мен өкімдердің күші жойылды.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментімен 2025 жылдың 12 айында 38 тексеру жүргізілді, оның ішінде 10 жоспарлы және 28 жоспардан тыс тексеру жұмыстары жүргізіліп, 715 заң бұзушылықтар анықталды.

Тексерулер нәтижесімен Департаментпен анықталған бұзушылықтарды жою туралы 19 ұсынулар енгізіліп, 47 мемлекеттік қызметшінің және 6 жеке тұлғалардың бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Мысалы, азаматша «Ж.Е.»-ның жолданымы негізінде Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы және жер қатынастар бөліміне жоспардан тыс тексеру жүргізілді.

Тексеру нәтижесімен, азаматша «Ж.Е.»-ға негізсіз сыйлықақы төленбей, Қазақстан Республикасының Үкіметінің 29.08.2001 жылғы №1127 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Ре-

спубликасы органдарының қызметкерлеріне сыйлықақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемақылар белгілеу, сондай-ақ, мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге бонустар төлеу» Қағидаларының талаптары сақталмағандығы анықталды.

Енгізілген ұсыну нәтижесімен Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімімен азаматша «Ж.Е.»-ға сыйлықақы беру туралы бұйрық қабылданды.

Сондай ақ, азаматша «К.А.»-ның жолданымы негізінде Арал ауданы, Сексеуіл кенті әкімі аппаратына жоспардан тыс тексеру жүргізілді.

Тексеру нәтижесімен, Сексеуіл кенті әкімі аппаратының бас маманы «А.А.» тарапынан әдеп кодексі талаптары сақталмағандығы анықталды.

Бұған қоса, Сексеуіл кенті әкімі аппаратының жетекші маманы «З.И.» негізсіз тәртіптік жазаға тартылғандығы белгілі болды.

Ұсынуды қарау нәтижесімен әдеп кодексі талаптарын бұзғаны үшін Сексеуіл кенті әкімі аппаратының бас маманы «А.А.»-ке «ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолданылып, жетекші маманға заңсыз қабылданған тәртіптік жаза қолдану туралы өкімінің күші жойылды.

Бұдан бөлек, жұмыс уақыты режимінің бұзылуының алдын алуға және оған жол бермеу мақсатында 95 мониторинг жүргізіліп, 365 үстеме жұмыс жасау дерегі анықталды. Департаменттің хаты негізінде 365 мемлекеттік қызметшінің бұзылған құқықтары қалпына келтіріліп, оларға 653 демалыс сағаттары берілді.

Сондай-ақ, Департаментпен 2025 жылдың сәуір-мамыр айларында 2024 жылдың қортындысымен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілеріне сыйақы беруде заңдылықтардың сақталуына талдау жүргізілді.

Талдау нәтижесімен 6 мемлекеттік қызметшіге негізсіз сыйақы берілмегендігі анықталып, олардың құқықтарының бұзылуына жол берілгендігі анықталды.

Аталған мәселе, Қызылорда облысындағы Әдеп жөніндегі кеңесте қаралып, қабылданған шешім негізінде 6 мемлекеттік қызметшіге сыйақы төленді.

Департамент алдағы уақытта да өз міндеттеріне сәйкес мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамалардың сақталуын бақылаумен қатар азаматтар мен мемлекеттік қызметшілердің де құқықтарының бұзылмауын қадағалайтын болады.

Т.М.НУРТАЕВ,
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің
Қызылорда облысы
бойынша департаментінің
мемлекеттік
қызмет саласындағы
бақылау
басқармасының басшысы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТ: АДАЛДЫҚ ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Сыбайлас жемқорлық мәселесі қоғамда көбіне құқықтық шеңберде талқыланады. Бұл туралы әңгіме қозғалғанда, көп жағдайда назар пара беру мен алу фактілеріне, заң бұзушылық пен жазаға ауады. Бұл мәселені тек жазалау шараларымен немесе қатаң заңдармен жеңу мүмкін емес екенін әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Ең басты мақсат – қоғамда жемқорлықтың кез келген түріне деген «мүлдем төзбеушілік» мәдениетін қалыптастыру және әрбір азаматтың ішкі парасаттылық фильтрін орнату.

Қоғамда көп жағдайда адамдар жемқорлықты айыптайды, бірақ оған қарсы әрекет жасамайды. Көпшілік заңсыздықты көрсе де, оған қарсы шығуға асықпайды. Бірі «менің шаруам емес» десе, енді бірі «бәрі солай істейді» деп өзін ақтайды. Осындай немқұрайлылық уақыт өте келе бейтараптықтан төзімділікке, ал төзімділіктен қалыпты қабылдауға алып келеді.

Жемқорлықтың таралуы көбіне қоғамдық қабылдаумен тікелей байланысты. Егер қоғам жемқорлықты қалыпты құбылыс ретінде қабылдаса, ол моральдық шекарадан шығып, функционалдық құралға айналады. Мұндай жағдайда жемқорлыққа бару қылмыс емес, «жағдайды шешудің жолы» ретінде қарастырылады. Қоғамда «еңбекпен емес, байланыспен» жетістікке жету түсінігі орнығады.

Жемқорлықпен күресте тек бақылау мен жазалау шараларына сүйену жеткіліксіз. Әрине, заңның қатаңдығы қажет. Бірақ ол ішкі жауапкершілікпен толықтырылмаса, нәтиже уақытша болады. Қорқынышпен орындалған талап санада құндылыққа айналмайды. Ал сана өзгермей, қоғам да өзгермейді.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың 2026 жылы 5 қаңтарда «Turkistan» газетіне берген сұхбатында қоғамның ең өзекті мәселелерінің бірі – жемқорлықпен күреске тоқталып: «Жалпы, жемқорлықтан аулақ болу қажеттігін балалардың құлағына жастайынан құя берген жөн. Бұл жерде мектептер, қоғамдық ұйымдар, белсенді азаматтар, әсіресе, ата-аналар шешуші рөл атқаруға тиіс. Сол кезде елімізде жең ұшынан жалғасқан жемқорлыққа мүлдем төзбеу мәдениеті қалыптасады», - деп атап өтті. Президенттің бұл сөзі – тек үндеу емес,

болашақ ұрпақтың санасын сауықтыруға бағытталған нақты стратегия, әрбір қазақстандыққа жүктелген моральдық жауапкершілік.

Мектеп қабырғасында балаға тек академиялық білім беріп қана қоймай, жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін сіңіруіміз қажет. «Арыңды жасынан сақта» деген бабалар аманаты бүгінгі заманның «комплаенс» саясатының негізі іспетті.

Қазіргі таңда квазимемлекеттік секторда комплаенс қызметтерінің енгізілуі – мәдениетті трансформациялаудың практикалық қадамы. Бұл – ұйым ішіндегі тазалықты, адал бәсекелестікті және этикалық стандарттарды сақтаудың кепілі. Әрбір мекеме жемқорлықтан ада аймаққа айналғанда ғана жалпыұлттық деңгейдегі нәтижеге қол жеткіземіз.

Сұхбаттағы ең маңызды тезистердің бірі – «жең ұшынан жалғасқан жемқорлыққа мүлдем төзбеу мәдениеті». Халықаралық тәжірибе көрсеткендей жемқорлық деңгейі төмен елдерде заң ғана қатал емес, қоғамның өзі парақорлықты ең ауыр моральдық қылмыс, «арсыздық» санайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселесін түйіндей келе, бұл үдерістің тек құқықтық реттеумен шектелмейтін, терең әлеуметтік-психологиялық құбылыс екенін аңғарамыз. Жемқорлықпен күрес – бұл әрбір азаматтың өз құқықтары мен міндеттеріне деген жауапкершілігінің көрінісі. Мәдениеттің өзгеруі қоғамның «мәселені жедел шешудің» бейресми жолдарынан саналы түрде бас тартып, заңдылықты басты құндылық ретінде қабылдауынан басталады.

Адалдық мәдениеті тікелей қоғамдағы репутация институтының қалыптасуымен байланысты. Материалдық игіліктен гөрі адамның абыройы мен кәсіби тазалығы жоғары бағаланған ортада жемқорлық өзінің әлеуметтік тартымдылығын жояды. Сондықтан мемлекеттік қызметшілерден бастап, қарапайым азаматтарға дейін кәсіби этика мен жеке парасаттылықты күнделікті өмірдің бұлжымас нормасына айналдыруымыз тиіс.

Ш. КИЗБАЕВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет
істері агенттігінің
Қызылорда облысы
бойынша департаменті
Сыбайлас
жемқорлықтың алдын алу
басқармасының
бас маманы

● Маманның кеңесі

«ОТБАСЫН ҚОРҒАУ» ЖЕДЕЛ-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАСЫ

Аудан көлемінде «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» және «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» заңдарының талаптарын орындау мақсатында қылмыспен құқық бұзушылыққа бейім тұлғаларға қатысты қорғау нұсқамасын шығару, ерекше талап белгілеу, профилактикалық есепте тұратын адамдармен профилактикалық жұмыстарды ұйымдастыру негізінде ағымдағы жылдың қаңтар айының 22-25 күндері аралығында қала, аудан көлемінде «Отбасын қорғау» жедел-профилактикалық іс-шарасын өткізіледі.

Іс-шарада отбасы тұрмыстық қатынастар аясында құқық бұзушылық жасап, полиция органының есебіне алынған тұлғалар тұрғылықты мекен-жайы бойынша тексеріліп, құқық бұзушылықты қайталамау жөнінде әңгімелесу жүргізіледі.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық жәбірленушіге кемсітетін сөздер айту, оның қызығушылықтарын ескермеу және оған психологиялық қысым көрсетумен басталып, күш көрсетуге ұласатын процесс. Бұл уақытында көмек көрсетуді қажет етеді.

Егер Сіз немесе Сіздің жақындарыңыз тұрмыстық зорлық-зомбылыққа тап болса, төмендегі байланыс нөмірлеріне хабарласып, көмек сұрай аласыз:

Сенім телефоны: 111, полиция бөлімі 102.

Сауле БИШЕКОВА,
Қазалы ауданы
полиция бөлімі
Қоғамдық қауіпсіздік
бөлімшесі
Отбасылық тұрмыстық
зорлық-зомбылыққа
қарсы күрес тобының
инспекторы,
полиция капитаны

ЖҰМЫС БЕРУШІ ЖҰМЫСКЕР ЕҢБЕК (ҚЫЗМЕТТІК) МІНДЕТТЕРІН АТҚАРҒАН КЕЗДЕ ОНЫ ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРДАН САҚТАНДЫРУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ТҮСІНДІРМЕ

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің (әрі қарай – Кодекс) 23-бабының 2-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, жұмыс беруші жұмыскер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыруға енгізуге міндетті.

Кәсіпкерлік субъектілері - жұмыс берушілер тарапынан жұмыскерлердің еңбек жағдайын жақсарту және еңбек қауіпсіздігінің сақталуын қамтамасыз ету шаралары маңызды болып табылады.

Кодекстің 182-бабы 2-тармағының 14) тармақшасына сәйкес, жұмыс беруші жұмыскер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыруға және жұмыскер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын жасасу туралы мәліметті еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға жіберуге міндетті.

Кодекстің 196-бабының 2-тармағына сәйкес, мемлекеттік органдар мен мемлекеттік еңбек инспекторына Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру жөніндегі міндеттерін орындауына жәрдемдесуге міндетті.

Осы орайда, заң бұзушылықтардың алдын алу және жою мақсатында («Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 230-бабы 2-тармағы) қолданыстағы заң талаптарына сәйкес ірі және орта, шағын кәсіпорындар (жұмыс берушілер) жұмыскерлерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын жасасу қажет.

Бұл жөнінде толық ақпарат алу үшін аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің 23-2-62 немесе 26-0-14 байланыс телефонына хабарласуға болады.

Қазалы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі

ЖЕЛШЕШЕК АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ТУРАЛЫ

Желшешек - адамнан адамға жұғатын, ауа тамшысы арқылы берілетін, бүкіл денеде ноқатты бөртпесімен көрінетін, ең кең таралған жұқпалы ауру.

Желшешек ауруының көзі - тек қана науқас адам. Аурудың жасырын кезеңінің ұзақтығы 10 күннен 21 күнге дейін созылады, орташа 13-17 күн. Ауру адам айналасына инкубациялық кезеңнің соңғы күндерінен бастап, бөртпе кезеңінің барлығында қауіпті. Қауіптілік кезеңі соңғы бөртпе пайда болғаннан кейін 3-5-ші күні аяқталады.

Желшешекпен адам барлық жаста ауыра береді, оның ішінде 14 жасқа дейінгі балалар жиі ауырады. Оның басты себебі, аурудың жоғары жұқпалылығына байланысты, адамдардың басым көпшілігі бала жаста ауырып кетеді, ауырғандарда тұрақты иммунитет қалыптасып, қайтадан ауырмайды.

Аурудың кең таралуының бірден-бір себебі аурудың жоғары жұқпалылығы. Ауруға 75-90 пайызға дейін 15 жасқа дейінгі балалар шалдығады. Олардың 80 пайызы мектеп жасына дейінгі балалар. Балалар мекемелеріндегі сәбилер басқаларға қарағанда жиі ауырады. Ауруға шалдығу жылдың суық кезеңінде ең жоғары деңгейде болады.

Ауру қоздырғышы-вирус адам ағзасына жоғарғы тыныс жолдары арқылы енеді, ауру адам жөтелгенде, түшкіргенде ауа арқылы адамнан адамға жұғады.

Аурудың клиникалық белгілері: жедел басталады, дене қызуы 38 0С-қа дейін көтеріліп, адам әлсірейді. Бет терісінде, бастың шашты бөлігінде, шырышты қабықтарда, денеде 2-4 мм көлемде болатын қызыл дақ пайда болып, бірнеше сағаттардан кейін сол дақтардың орны күлбірей суланып, нүктелі сулы бөртпелерге айналады, 1-2 күннен кейін олардың сырты қабыршақтанады да, із қалдырмай, түсіп қалады. Бөртпелер қатты қышиды.

Әрбір бөртпе шыққан сайын дене қызуы көтеріліп, баланың хал-ахуалы бұзылады. Бөртпелерді қасу мен қабыршақтарын сыдыру-жарақаттарға жұқпа түсіп, олардың іріңдеуіне әкеліп соғады.

Желшешектің қоздырғышы қоршаған ортада тез өледі, әсіресе жоғарғы температураға төзімсіз, 50-52 0С температурада 30 минуттың ішінде жойылады.

Желшешектің алғашқы бөртпелері көрініп, ең соңғы қабыршағы түскенге дейін науқас бала айналасындағы балалар үшін қауіпті. Сондықтан бала ауырысымен дәрігерді үйге шақыру керек. Науқас бала үйде емделеді және басқа балалардан бөлек күтімге алынып, сау балалармен қарым-қатынас жасамауға тиіс. Науқас баланың төсек-орнын, киімдерін жиі ауыстырып, денесінің таза болуына көп көңіл бөлген жөн.

Алдын алу шаралары:

Жұқпамен негізінен мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалар ауыратындықтан, балалар мекемелерінде індетке қарсы тәртіпті сақтау мен жүргізуге баса назар аударылады. Ең бастысы балалар ұжымына ауру көзін енгізбеу, яғни таңертеңгілік сүзгі жұмысын сапалы жүргізу, сұрау, дене қызуын өлшеу керек.

Желшешекпен науқастанған адам ауырған сәтінен бастап науқаспен жақын байланыста болған адамдар 21 күн медициналық бақылауға алынып, дәрігер тексеруінен өтеді. Үй-жайларда күнделікті ылғалды жуып-шаю жұмыстары жүргізіліп, желдетіледі.

Жоғарыда көрсетілген белгілерінің бірі – Сізде немесе жанұя мүшелеріңізде байқалса, тез арада дәрігерлік көмекке жүгінгеніңіз дұрыс.

Саракүл ШҮКІРӘЛИЕВА,
Қазалы аудандық
санитариялық-
эпидемиологиялық
бақылау
басқармасының
бас маманы

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11507 дана.